

Λ 2005

5878

к

# ХАИСЫПОВ

САМЫЙ

1



**Iлияс  
ЖАНСУПРОВ**

**Ілияс  
ЖАНСУПРОВ**

**КӨП ТОМДЫҚ  
ШЫГАРМАЛАР ЖИНАҒЫ**

Алматы  
**«Жазушы»**  
2002

ИЛИЯС  
ЖАНСУПРОВ

БІРІНШІ ТОМ

Өлеңдер мен дастандар

Алматы  
«Жазушы»

**ББК 84 каз 7-5**

**Ж 26**

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр.*

**Жансұгіров I.**

**Ж26 Көп томдық шығармалар жинағы. Т.І: Өлеңдер мен дастандар.** — Алматы: Жазушы. — 2002 — 200 бет.

**ISBN 5-605-01854-х (том I)**

**ISBN 5-605-01855-8(общ)**

Ілияс Жансұгіровтің көп томдық шығармалар жинағының бірінші томына дүлдүлакынның тандаулы өлеңдері мен «Күлагер», «Күй», «Күйші» дастандары енді.

4702250202-30

**Ж**—————**құлактандырусыз** - 2002  
402(05)-02


**ББК 84 каз 7-5**

**ISBN 5-605-01854-х (том I)**

**ISBN 5-605-01855-8 (общ.)**

© «Жазушы» баспасы, 2002

**ӨЛЕНДЕР**



## БҰЛ БҰЛҒА

Сайрадын құйқылжытып, құбылжытып,  
Тамсандым, тандайымның сүн жұтып,  
Толқытып, толықсытып, емірентіп,  
Киқуға қызықтырдың, қылдың ынтық.

Ерікті алып, ес шығарып, екілентіп,  
Көнілді көлбектетіп, ойды ұмтылтып;  
Қанды қозғап, тамырды солқылдатып,  
Көніл мұнын, жүректің лебін тінтіп.

Малда дыбыс, көлде шу, желде ызыл жок,  
Маңайды манаурадым мұлде ұмыттып;  
Судың сылдыр, тоғайдың дыбыры жок,  
Басқаны, қойдың, әншім, тақа құртып.

Шырқатып, шыңғыртасың, шымырлатып,  
Төмендеп түсіресің сыбырлатыш;  
«Мұндым-ау! Мынау сенің мұның ғой» деп,  
Маған да әкелесің қыңырлатып.

Жіберіп жер астына ызылдатып,  
Қайтадан көтересің қимылдатып:  
Жүрегім, қаным, миым, Көмейімде,  
Қосылтып, қос құлакты шынылдатып.

Сен сондай, ә, мен қандай сол мезгілде?  
Елжіреп ішім, бауырым кеткен мұлде.  
Қаныма қосып кеттің бір ауру,  
Осылай сайрамасаң күнде-күнде.

1915

## ЭНШІГЕ

Өлеңге көnlің құмар, даусың жытар,  
Созылтып ән мұржасы созсаң зытар.  
Ән сүйгіш, жылы көnlіл, сөзге таңсық  
Жылпышдар жылы сөзді неге ұмытар?

Тамырды солқылдатып, ойды қозғап,  
Жүректі тебірентіп, ішті жыльтар.  
Қайғылы, мұнды, өнерлі, шерлі жанға  
Ой салар. ойын түртер, жыбыршытар.

Еліртер, екілентер, елжіретер,  
Толғантар, толғақ салар, толықсытар;  
Аспанға аңы даусын шырқап, қалқыш,  
Қонырлап, көмей қайта аңыратар.

Зарлының екі көзін мөлдіретіп,  
Болса да елжіретер бейлі шын тар;  
Салған ән магниті түрған көпті  
Баладай тербеу жеңген бір тыншытар.

1916

### АРМАН

Мезгіл бар ма құтылар,  
Шыңжырлаулы тағдырдан?  
Бірақ ой жоқ ұмтылар,  
Табылар тағдыр дағдыдан.

Рахымы жоқ шыңжырға  
Байқамастан шалдырған,  
Аяқ, қолы құрсауда,  
Зарлауда жүр «балдырған».

Желк-желк еткен жас шалғын  
Суық желмен майысып,  
Селк-селк еткен болды күн,  
Көтермей белі қайысып.

Ажарлы, нұрлы ақ балғын  
Заманмен тозды сайысып,  
Көніл құрғыр соп-солғын,  
Жыддам суып, жай ысып.

1916

### НЕ КҮЙДЕ

Ылғал тұман шағында,  
Құздардан жауын сырылдал,  
Киядан сорғалауында...  
Самалшыл, сауқым, сауықшыл,  
Саятшы Сартай не күйде?

Теніз көшкен дауылда,  
Асты терең, үсті жел,  
Толқын соқты баурында...

64  
65

Балтыры ақ жем балықшы,  
Кайықшы Қалтай не күйде?

Дай-дай даукас ауылда,  
Жесір, намыс тартыстың  
Үзілмес ұзын дауында,  
Жаралы жүрек, жарымшыл,  
Мұнды Күнтай не күйде?

Жөңкенің таз тауында...  
Қымызшылға қызық боп,  
Күндіз-түні сауында...  
Жалсыз арық, желін сау,  
Мана көнек не күйде?

1919

## БОРАНДА

Қарлатып қатты боран қарпылдалап тұр.  
Ұскірік-аяз қызыл шартылдалап тұр.  
Кой ығып, басын қоршап ыққа тығып,  
Көміліп қалың қарға қарқындалап тұр.  
Сүйеніп таяғына қой қасында,  
Дірілдеп Таймас сорлы қалтылдалап тұр.  
Аяқта жуан жіппен буған шарық,  
Сүйреліп киіз шұлғау жалпылдалап тұр.  
Ашылып қабырға-омырау қарға қарсы,  
Тақымы шалбарынан жалтылдалап тұр.  
Денесін қалыбымен сұық ұстап,  
Ызың жел селкілдетіп, аңқылдалап тұр.  
Мойнына жабысқан қар ери қатыш,  
Иекте мұз сұнгілер салпылдалап тұр...  
Жылы ішік, тұлқі тұмак, саптамалы,  
Дүйсек бай дөң басында салқындалап тұр.  
«Ары таман қойды қозғап, жайсаншы!» - деп,  
Таймасқа қожайынсып шаңқылдалап тұр  
«Алғаның ас болмағыр, ит-шошқа» деп,  
Карғадай қармен бірге қарқылдалап тұр.

## АРЫНЫМ

Алқынамын, басылмайды арыным,  
Тау селінде екпін қайрат, сарыным.

Жарлы-жалшы, жақыбайды жарылқау —  
Жандағы аурұ, жүректегі жалыным.

Егер салсам қос өкпеден тепкіні,  
Елең емес тау жақпары, тек тұры.  
Жау жапыра, көк дауылша бұрқыра,  
Шұу дегенде кер бедеудің екпіні.

Толас болмас топ жасаққа тиіспей,  
Семсер ұрып, ак найзаны үзіспей;  
Бет-аузым шаң, қанжарым қан қайрыльш,  
Ұмсындырып жау сұлуын, су іштей.

Аял болмас айқай-сүрен салыспай,  
Қашқан жауды ат баурына алыспай;  
Қан сусаған болат сұнгім ашылмас,  
ІПұрқылтайдан шұрылдата шаныштай.

Тыншу болмас қалың қайрат қайнамай,  
Қанжығаға қанды басты байламай;  
Қара жүрек, қара қошқыл қанменен,  
Үш тосарлы, қанды ауызды майламай.

Улы көкірек жиған сүтін тамызбай,  
Қызыл қылыш қырқа турал ағызбай;  
Басылмас бұл алқындаған арыным,  
Адал сүтпен жарлыларды жағызбай.

«Мен» емеспін, мен де көптің бірімін,  
Мендейлердің міне қостық бірлігін.  
«Мен» құралып «біз» бол шықпай қүреске,  
Мен тудырман бұқарама тірі күн.

Арылтамыз аспанды аршып тұманнан,  
Тазалаймыз жерді жонып жуаннан,  
Тапсыз, тату, мерекелі, өнерлі,  
Ел жасаймыз еңбегіне қуанған.

1920

## АҚШАМ

Көкше көкте акша бұлт  
Көміліп күн нұрына,  
Жел байырқау, жер сұлық,  
Қызыл алтыш шұғыла.

Ақ шашты ана — ала аскар<sup>¶</sup>.  
Оқыды сам жығыла.  
Жау көргендей жартастар , ,  
Жамылды туман дұлыға.

Қабағыш түйіп қожыр құз,  
Қарағай, қайың қалтырап;  
Талда анырап әнші құс,  
Таста суыр тантырап.

.Пыс

Жазыла есінеп жапан қыр,  
Маужырар сұлап, балбырап,  
Даладан, таудан, көшті нұр,  
Салбырап, сам жамырап.

,  
Тауды тұман бөкселеп,  
Өзен төлі жамырайды.  
Көз жұмғанда көкше көк,  
Көсліп жер тымырайды.

## АҒЫНДЫ МЕНИҢ АҚСУЫМ

де-j

Ағынды менің Ақсуым,  
Ақырып әлі ағасың,  
Ақиланған ашумен,  
Ақтарды аскар сабасын.  
Тас тарпуын, шапшуын,  
Қарасаң қайран қаласың,  
Жалғыз жазғы бір кеште,  
Жағаладым жағасың.

Тұнжыраған торғын тұн,  
Төндім сұлу сұына.  
Таңырқап тау-тас тамсаныш,  
Жымиды жұлдыз мұнъима.  
Сүміген сұнгі сұрша тал,  
Шомылды таудың сұына.  
Таймандаған тайпақ ай,  
Желегі ме, туы ма?  
Шүйке шарбы бұлтты  
Қалқалай қалды қылмия.

Аспанды, ай алтын құшағы,  
Кусыра қайың құшады.

Қарамай қайың, қалайша  
Қаужиған күшсын бұтанды? · · ·  
Қайың мен сөуле сүйіссін,  
Сүймегенді нысабы:  
Итмұрыны мәлдіреп,  
Кудырлап қоңыз ұшады.  
Бауырлаған ағынның,  
Сумандап сұы сылдырайд;  
Құдиган қоңыр құрактың  
Саусағы суда судырайд;  
Сүға төнген бір шыбық  
Дірілдейд, суда сырылдайд;  
Оған қонған бір шымшық  
Шик-шик етед, шырылдайд...

1921

## БҰЛТ

Тұнгі жаймен жуыныш,  
Көгілдір көк күлімдер,  
Шөгіп шоқ-шоқ тұман, бұлт,  
Шоқы сүйіп, дірілдер.

Көк мұнарлы белбеуін  
Алып тау бел буына;  
Сәлем беріп бұлт керуен,  
Танда тауға жығыла.  
Қабағы мұз, сұық шал  
Қолын алып, қас қаға.  
Желде, құзда несі бар,  
Қалғыды тас жастана.

Бұлт — бөбек, тау — ана,  
Ана төсін аймалай,  
Үйықтай тұрсын ол бала,  
Шыққанынша жел қалай.

1922

## ЖАНАРТАУ

Зәулім-зәулім занғар тау · · ·  
Шығыс-батыс шегінде, · · ·

Лапылдақ жалын, іші қау  
От ойнақшыл тегінде.

Қарышдай кепкен қампайып,  
Борсып, бықсып, булыққан.  
Ашылып аузы аңқайып,  
Түтектен тұтін, бу шықкан.

Ұшқыннан от бұлқынып,  
Күрс-күрс, быж-быж оқ...  
Жаландап жалын жұлқынып,  
Айнала түскен қызыл шоқ.

Лаба жалын жандырды  
Тас, қоқыр, тікен, сіріні.  
Тұншыққан жылан тұтінге,  
Көзінен акты іріңі.

Қызыл жалын тазалап,  
Куарған қорданы өртеді.  
Жас балдырған жаңалап,  
Жайқала шықты өртені.

Жанаардың жанған жалыны,  
Жердің жүзін жарық етер.  
Жарылқар жалшы-жарлыны,  
Жана жүрг жасар, қарық етер.

1922

## ҚЫС

Қыс, қар, мұз, қырау, қылау - жерді көміп,  
Бұлт бүркеп, тұман тәніп, баса шөгіп,  
Жер-көкті аяз бүріп, қызыл жалап,  
Бүрк-сарқ боран құсып, шашып, тәгіп.

Кейде аяз, кейде бүрқақ, кейде қырбак,  
Кейде ерек, кейде күрпік, кейде сырғақ,  
Жер тарпып, аспанды аршып алтын күрек,  
Сапырап сұрапылды кейде бір уақ.

Ойда омбы, дөнде қағыл қырдың қары,  
Жылмық, мұздак болса — қырғындағы.

Қатындар қалтырасып судан қайтқан,  
Карғанып қыдырғанға қырдың шалы.

Көл өлік, қаз қуы жоқ дауыстаған,  
Қалған құс — қарға, шәже, сауысқаннан,  
Көтеріп көтеремін, көз түртті бол,  
Арсыз жоқ азық-шебін тауысқаннан.

Шекитіп шебін тиеп шанасына,  
Қазак бар қатынасқан қаласына.  
Ас-тойдың, батаоқырдың бірі де жоқ,  
Мал қамы, ауыл алаш шаруасына.

Күн күнгірт, аспан шаңғыт. Қылаулаған.  
Қылаудан бұта бұғып қырауланған.  
Ол бір жұт, арамза қой қоздаған,  
Ол бір құт, сиыр ерте бұзаулаған.

Қой, жылқы, кайрат қылып жерді қазған,  
Ауыл да жүдеу-жадау қыстан азған.  
Үсініп аяз, боран үскірікте,  
Өткізген қырда өмірін малшы жазған.

Қорада жабуланған арық-тұрак,  
Шемшендең шөп айнала шыбыш, лақ.  
Шанасын шиқылдатып, ит үргізіп,  
Ауылға тартқан қоанак, ымырт уақ.

Болмаса тұлқі алдырған, қасқыр атқан,  
Бір қазақ таба алмайсын кысты ұнатқан,  
Өтіпті «ақ қояндай» қырғын қыстар,  
Тұқірік тұспей катқан, жұрт жұтатқан.

Істеген жаздай еңбек Иван мұжық  
Базарды асырап түр мая бұзып.  
Етпеген жаздай еңбек Иса қазақ,  
Сасулы, көрінеді қыс құбыжық.

Жалғыз-ақ мектеп іші қыста қызық,  
Балалар ду-ду оқып, жазып-сызып,  
Үйде тар, далада қар, сұық қысан,  
Мектептен басқа жерде көнілсіздік.

## КІМ ЕКЕН?

Бауырым, сәулем Күләнда!  
Неліктен солғыш ажарың?  
Тұтылған айдай тұманды,  
Неліктен төмен назарын?

Ақ дидарың тотығып,  
Ақша бетің солыпты.  
Жігерің жасып, от құрып,  
Жанбастай болып сөніпті.  
Жазық жаурын қайқайып,  
Шыбық белің бұральп,  
Құлағың қапты қалқайыш,  
Тамағың, жағың суалып.

Бұлдірген бетің сұрланып,  
Тыржиып қабақ қатыпты.  
Алмадай піскен нұрланып,  
Тартылып ұртың батыпты.

Мөлдір тұнық қара көз,  
Ажарсыз тартқан алайып.  
Келте қара шашыңыз  
Түбіт болты шолайып.

Ақ білегің азғындал,  
Білеziктерің босапты;  
Қарағанға байымдал,  
Саусақта жүзік бос қапты.

Ұзак, сары таң көрмен тең,  
Кірпігінде жоқ үйқы.  
Ұзак, сары күн шермен тең,  
Езуінде жоқ күлкі.

Көзіннен аққан сұық жас  
Айғыздап бетті шайыпты.  
Сұық жаспен аралас  
Жүректен талап тайыпты.

Тамаша сауық, жиын той —  
Біреуі де көңілсіз.  
Достық, қастық, қызықты ой —  
Біреуі де сенімсіз.

От лебіндей ып-ыстық  
Аузыңнан шыққан ағы-зар!  
Кеуденді кернеп, дерт қысып,  
Көзіңнен сығып ағызар.

Өз жөнінді ұмытып,  
Итке басынды иесін.  
Ұзак таңға у жұтып,  
Айлап жастық сүйесін.

Айт шыныңды, сәулежан,  
Кім мұнайты? Кім соқты?  
Айырыш ажар ақылдан  
Әлде пері, жын соқты?

Шыныңды айт, неге бөгелдің,  
Жүрекке жара салған кім?  
Махаббат, талап, жігердің  
Тамырын қып алған кім?  
Кім сарғайты, налытты,  
Айт, жасыма, жасқанба!  
Дауыл менен жауыздың  
Ұшқан күлі аспанға.

Өсекшіл жауыз қас дүшпан  
Деді-ау әлде: күң екен.  
Біз бұғаусыз арыстан -  
Күң қылатын кім екен?

1923

## ЖАС ЖАЛШЫҒА

Туғанда алғаш ананнан,  
Балапан едің ак үрпік.  
Күндағың тері, саламнан,  
Жеткіншек едің жез кірпік.

Әкең қойши, шешен күң,  
Жылы орны да жок еді.  
Қазан жалап сен үшін,  
Әйтеуір анаң «ток» еді.

Азаппен жиған ак сүтін  
Мезгіл-мезгіл сорушы ең,

Жұмыста анаң, жоқ күтім,  
Әксікпен өкпе соғушы ең.

Шөп төсекпен шығысып,  
Денең тастай шираған;  
Күн қағып, жел жеп, отқа ысып,  
Бейнеттен күш жинаған.

Аязды сүйк боранда  
Қалшылдап өстің сүмсіп.  
Танды атырдың қоранда,  
Қар құшақтап, мұз сүйіп.

Ақ бәтестей ақ денең  
Ыстаған бейне қара көн.  
Қабағың салық, жоқ елең,  
Ойнамайсың баламен.

Үрсу, соғу, зықынау,  
Жүректің қалған тоты боп,  
Әстірген шайыш жас былау...  
Әмірлік сөнген оты жоқ.

Үміті біткен тірліктің,  
Жас басынан шалдайсың.  
Қызығу, талап, ерліктің  
Біреуін де ойға алмайсың.

Жасынан-ақ құлдыққа  
Ыңғайланып альпсың,  
Мұқтаждыққа, мұндыққа  
Мұнайыпсың, қалыпсың.

Емес пе ең жазғы көбелек,  
Көгалда көлбеп үшпайсың.  
Не себеп, мұнша үнілеп,  
Ку таякты ұстайсың?

Өзіндей жанньщ баласы,  
Оқып жүр ғой мектепте.  
Бет, білек қолдың саласы,  
Абайлашы, аппак па?

Мектебі жақсы, көнілді,  
Арқалап бокша барады.

Киімі бүтін жып-жылы, 1  
Ойнап асыр салады 2

Жабырқаусың, жасықсың, 3  
Ондай көңл сенде жок. 4  
Жалынды жастай басыпсың,  
Пендеге де пенде боп.

Үйымы қайда жастардың, 5  
Әлде сені білмей ме?  
Әлде, асусыз асқардың  
Жібермей желі үрлей ме?

Бұған қандай мәніс бар?  
Сен бұл күйде отырсың.  
Еске алар, аяр, танысар,  
Окырсың қарғам, оқырсыщ!

Уран жақсы, үміт көп,  
Жамырап жастар, бас құрап.  
Өнерсің көпке жігіт бол,  
Жасыма жаным, жас құрғар.

1923

### ТАС

Көгілдір, мөлдір көк аспан -  
Көленке, сәуле ойнағы·  
Ойнаса онда жылпың жел,  
Жыртылад шарбы, қаймағы.  
Жел қуалау, бұлт қашу -  
Жігіт-қыз айтта, тойдағы  
Көк күмбезде күнде ойнак,  
Ойнады да қоймады.

Бұлт бір мезгіл бүркырап,  
Астарлады аспанды.  
Асқарға соккан асқақ жел,  
Тас, сүзді де жасқанды.  
Нөпір нөсер шүмектеп,  
Жасыдан жалъыл басталды.  
Балбыраса да барлық зат,  
Тас, күйінде тас қалды.

## ЖАЙЛАУ

Көк кілем қатипадай жасыл жайлау,  
Қаз-катар ауыл арты желі байлау.  
Жайлаудың жаз мезгілін елестетіп,  
Мактаншак міnezім бар жұртқа айқайлау.

Айы алтын, көк жайлаудың күні күміс.  
Ақ тасы бұлағының маржан, күріш.  
Етегін шалғын шальш, жел шайқаса,  
Бейне той секілденер жасқа жүріс.

Құлын, тай кісінесіп шіңгір-шіңгір,  
Тас бұлак жайлау мактар қағып сымдыр.  
Тырайып көк жотада қой шетінде,  
Мастанған қатық ішіп қойшы күрғыр.

Карағай қалың отыр қарсы бетте,  
Қараши Қалиман мен Бейсембекке:  
Тенселіп, тебісіп тұр алтыбақан  
Байлап ап отын жібін әлленшекке.

Айналған аспанында алғыр бүркіт,  
Қатындар күрпілдетіп піскен іркіт.  
Әуені анда-санда бұлты торлап,  
Жайлауды шомылдырар жұпар бүркіп.

Сапырып бәйбіше отыр сары қымыз,  
Бай отыр жалшы жұмсал, сөзі нығыз.  
Өзекте мұрын жарыш, мастандырар,  
Қой үзген таңкурайдан акқан уыз.

Үңілген қыз, келіншек бұлдіргенге,  
Куқыл мәз төбеде елді күлдіргенге.  
Жапар таз қой, қозыны жамыратты,  
Әуей боп бұлдіргенде бір жүргенде.

Үй басы құрт қайнатқан, өре жайып,  
Күнделеп бие сауған келін, зайш.  
Дауылда жел қапсырған арқаны жок,  
Кедейдің қауешегі тұр қисайш.

Інірде жылқы жиған жылқышылар,  
Сызылтып көніл тербел әнге шырқар.  
Ән толғап бойжеткенді қыбылжытса,  
Күрсініп көзден кекіл кейін сипар.

Қысырак үйрленген бөрте бурыл,  
Саяқсып шет жайылып емес жуыр.  
Қайнаткан қазан түспей, таң білінсе,  
Азанды сықақ қылар таста суыр.

Алады тұнгі үйкynы күндіз сәске,  
Сәскеде сары қымыз түсер бәске:  
Манаурап гүл толқытқан самал жұтып,  
Ақ сұлу ірге жақта тігер кесте...

1923

## КӨКТЕМДЕ

Жауыны жауып, жасылы  
Жарқылдайды — жаз кепті.  
Өкіреді өзен тасуы,  
Қанқылдайды - қаз кепті.  
Ширады шымайт, шаң шықты  
Күрғады құмайт, саз кепті.  
Төнірек ашық, тұман жок.  
Көктен нұрын күн септі.  
Тоғайда, көлде той қылып,  
Қаптады құстар жер-көкті.  
Ауылдың малы балалап,  
Айран шықты аз-көпті.  
Қоңына құйып қоламта,  
Қоқаң емдеп таз көкті,  
Манаурап мал-жан жадырап,  
Жан-жануар мәз бопты.

Құлазыған кыстайғы  
Малға толды сай, қоқты,  
Күпісі жалба жабағы  
Тойтаң қағып, тай бопты.  
Ісек шығып есіред,  
Көрпелдес көнтек көк токты.  
Есінде шығар, елім-ау,  
Емдеп ед Коқаң қай көкті?  
Қоқаң көгі құлпырды,  
Құм сіркеден құтылды.  
Қунаң қақты, қон бітті,  
Көгі көкке тойынды,  
Құтырып Коқаң орғытты;  
Көмір жинап, көрік жығып,  
Ұсталар, ойдай, іс соқты.

Ауылдың бейлі биыл кен,  
Үйткені мал-жан дін аман.  
Кисаймай шыкты қылшығы  
Қысынан да қысаған.  
Азықсыраған ауыл жок,  
Ашып алды астық ұрадан.  
Ақ шықты, жатыр жағысып,  
Жарлысы жок жылаған.  
Шығынсыз шыбыш лактап,  
Төлдеген токты бір заман.  
Астығын, малын базарлап,  
Қажетін алды қаладан.  
Кооперативтен кездеме ап,  
Киінді ауыл жаңадан.  
Бас-аяғы бір болды,  
Бастап еді баладан.  
Шанқиған жейде шал киіп,  
Киінді кемпір аладан.  
Кәрістетті келіншегі,  
Шомытын тастап жамаған.  
Қыдырынды азайды,  
Қыдырып үйді шұбаған.  
Жалқаулары көрінбейд  
Жатып ішіп сұлаған.  
Елдің түрі көрінді  
Етек-женін жинаған.  
Шаруасына көрінед  
Көбінің көңілі құлаған.  
Тісін сайлап, тырбанып,  
Тіршілік етті тірі адам.  
Кызыл ма, қыз ба, қызғалдақ  
Қырға біткен, көз салшы.  
Көк масаты көрпе көк,  
Көлпілдейді, ойға алшы.  
Көк ала батшәй көбелек,  
Көбелектей ме ол қайсы?  
Көлде тойлап толы құс,  
Қызығына тойсамшы!  
Мал маңырап өрісте,  
Қайырып оны жүр малшы.  
Өзгесін былай қоялық,  
Онда қайда диканшы?  
Диканшы кім ауылда?

Айтамысың Қоқанды?  
Қоқан байдан қол үзген,  
Жалпы шығыш, бай қалды  
Токпактаумен тоқалды.  
Тоқал да тұруы екі-ұрық,  
Тоқалға да тақадды.  
Сонында нокта сүйретіп,  
Қоқаң байдан ақы алды.  
Жалшыға да жар шыкты,  
Бай жегенін қақалды.  
Бай жылады, жұлқынды,  
Сатала саусақ сақалды.  
Косшыға Қоқаң жазылды,  
Қоғам болды, соқа алды.  
Тіс темірін тапта деп,  
Оны ұстаға апарды.  
Қазына берген қарызға  
Арбасы мен ат алды;  
Сайлады саймандарын да  
Шұжықтап мойынапанды<sup>1</sup>;  
Қырқаға әкеп қос салды,  
Сықыр-сықыр соқасы,  
Солқылдатты сол манды,  
Қоқаң шашты тұқымды,  
Қоқаң жерді қопарды.

1923

## САПАРДА

1

Төніп әуе,  
Тұнып теңіз,  
Қызыктырған басында,  
Үңсиз, желсіз,  
Теңіз елсіз...  
Үміт  
Ілгері асуда.  
Қайықты сырыйп,  
Кеттік бұғыш  
Алыс жолға —  
Жыраққа!  
Көзді жас қып,  
Қош-коштастық

Қара кемер -  
Құракқа.

Үздік-создық  
Жүрдік, жүздік.  
Көк тенізді айрыш,  
Су да шусыз.  
Біз қайғысыз.  
Кеттік ұзак  
Ай жүріп.

II

Таптай жаға,  
Су сакыраға,  
Күн жығылым сұңгиді.  
Жылдам, шашан  
Жамырап сам,  
Түн түнжырап  
Мұлгиді.

Желпіп теңіз,  
Шықты лебіз,  
Көкті бұлт торлады.  
Кайық қылпылдаپ.  
Су ылпылдаپ,  
Бізге безек  
Орнады.  
Біз шалқалап,  
Желді арқалап,  
Кеттік бетсіз түу-түуге.  
- Аху-үү-шу!  
Салды бізді  
Шүү-шүүге.  
Сапырып теңіз  
Жел соғады.  
Қалтыл қайық толқында.

Ақырып теңіз,  
Сен соғады,  
Кеткен жүрек  
Коркуда.

Таудай қайқаң,  
Шұнқыр, ойпаң,  
Әлсіз отпен көз түсті.  
Көлденендең,  
Көкке өрмелеп,  
Жынды толқын  
Сүзісті. "

Кара жаңбыр,  
Сыр-сыр, сыр-сыр...  
Сорғалады, сорлады.  
Үпі әулие,  
Сүлеймен де  
Түк септігі болмады.

Мәңгі-мәңгі,  
Қап-қараңғы,  
Соқыр көзді жұмғандай.  
Үсті желең,  
Асты терен...  
Өмір зымиян  
Зындандаі.

### III

Әлдекайда?  
Қандай жайға?  
Келдік, кеттік белгісіз.  
Қандай мекен?  
Қай жақ екен?  
Ажыратып ми  
Бергісіз.  
Кетті сүрек,  
Өлді жүрек,  
Сезім-сана қалған жоқ,  
Еш шықпаған  
Өлімтік жан,  
Сенде аһлау,  
Арман жоқ.

Жұздір-жұздік,  
Сокқы көрдік,  
Бәсендерді жел-дауыл.  
Сокқан толқын,  
Тартқан опқын,  
Ақырындағы  
Жай ауыр.